Ойын іс-әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділіктерін және ойынды педагогикалық процеске енгізе отырып, мұғалім балаларды ойнауға, А.С.Макаренконың сөзімен айтқанда, “Жақсы ойын” жасауға үйретеді. Мұндай ойынға мынадай сипаттар тән: мазмұнының тәрбиелік-танымдық құндылығы, ойын барысының дұрыс түсіндірілуі, таңдалынып алынған ойын түрінің оқушыларға үйретері мол және шығармашылық сипаты, жеке балалардың және барлық ойнаушылардың мүдделерін ескере отырып ойын ережесіне бағыну және соларды басшылыққа ала білуі, ойыншықтар мен ойын материалдарын белгілі бір мақсатқа пайдалану, балалардың бір-бірімен достық қарым-қатынастары және көңіл күйлерінің шат болуы ескеріледі.

Ойынды басқара жүріп, мұғалім баланың жеке басының барлық жағына: оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды.

Ойын іс әрекеті негізінен ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене мүшелерінің дұрыс қалыптастыру мақсаттары үшін пайдаланады. Мазмұны ойлай білуге құрылған ойын процесінде балалардың білімі мен түсінігі айқындалып, тереңдей түседі. Ойын үстінде қайсыбір рөлді орындау үшін бала өзінің түсінігін ойын әрекетінде көрсетеді.

Бала психологиясына ойын іс әрекетінің ықпалы жастардың болашаққа деген бағыт-бағдары отбасында, мектеп қабырғасында, жалпы еңбек, қоғамдық деңгейде қалыптасады деп алсақ, бүкіл қоршаған дүниенің әр саласының көзқарасқа тигізетін әсері, беретін білімі, тәрбиеге ықпалы әртүрлі болады.

Қазіргі заман талаптарына сәйкес мектептегі барлық буын оқушыларының білімін ойын іс әрекеті тұрғысынан дамыту, жетілдіру-педагогика ғылымының міндеті болып табылады.

Осыған орай білімнің мазмұнын, білім беру жүйесіндегі орнын, оқу-тәрбие процесінің ерекшелігін, оны дұрыс ұйымдастырудың негізгі әдістерін, формаларын жетілдірудің жолдарын білу керек.

Оқу-тәрбие процесінде дидактикалық ойын әрекетін қолдану барысында әр баланың жеке басының ерекшелігі есепке алынуы тиіс. Сабақ барысында әр оқушының ұғымы, сезімі, түсінігі, қабылдауы, қабілеті әр түрлі. Ең бастысы - әр оқушының жеке басын құрметтеу, оның адамдық қасиетіне нұқсан келтірмеу. Қазіргі ізгілендіру заманында әрбір баланың өз мүмкіндігін, қабілетін, іскерлігін, ойлауын, ойын іс әрекеті барысында байқау қажет, сонда ғана олардың білімге, ынтасын арттырып, еңбексүйгіштікке, білімге құштарлық қасиеттерін нәтижелі қалыптастыруға болады.

Мұғалім оқушылармен ойын іс әрекетін ұйымдастырып, оларды үйрету, қалыптастыру үшін ең алдымен балалардың психологиялық ерекшеліктерін білуі керек.

Бастауыш сынып жасындағы баланың бойындағы психикалық процестер: зейін, қабылдау, қиялдау, есте қалдыру, ойлау, сөйлеу, сезімдер. Осындай психикалық процестер баланың бойында болуын, өзгеріп жетілуін қарастырады.

Бала мұндай ерекшелік пен іс-әрекетті қимыл жасау процесінде, дидактикалық ойын барысында шешеді. Бастауыш сынып оқушыларының психологиясы психикалық дамуды, заңдылықтарды, іс-әрекеттің дамуын, жеке бастың қалыптасуын зерттейді. Бастауыш сынып жасындағы балалардың психологиясын білу оқыту, тәрбиелеу практикасын дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту ісі білім берумен қатар оқушылардың танымдық қабілеттерін, логикалық ойлауды дамытуға ойын іс әрекетін пайдаланудың маңызы ерекше.

Дидактикалық ойын арқылы –оқушының білімге деген өте белсенді ақыл –ой әрекеті. Ойын іс әрекеті - танымдық қажеттіліктен, мақсат, танымдық және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады.

Ойын балалардың негізгі іс-әректінің бір түрі. Бала өмірі ойынмен байланысты. Бала ойынсыз өсе алмайды. Еңбек үстінде адамның көптеген ерекшеліктері дамиды, өмір сүру барысында ол түрлі жолдармен жарыққа шығады. Мысалы: Үлкендер өздеріне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, ал мектеп оқушылары сабақ үстінде, ойын үстінде көрсетеді.

Ойын балалар үшін күрделі әрекет. Балалар білімді ойын арқылы да ала алады және үлкендерден үйренеді.

Сондықтан, сабақта дидактикалық ойын арқылы білімін шыңдап, ой өрісін кеңейтеді. Ал, ойынның мақсаты, жоспары, тәрбиелік мәні, қажетті заттарға ерекшеліктері болады.

Сол ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Ойын арқылы оқушылардың ойы ұшқыр, шешен әсерлі сөйлеп, ұлт тарихын, мәдениетін, халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл маржандарын оңай игеруіне сетігін тигізетіні даусыз.

Ойын – күрделі философиялық, психологиялық, педагогикалық ұғым. Ойын дегеніміз – тынысы кең, алысқа мензейтін, ойдан-ойға жетелейтін, балаға қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Ойын іс әрекеті арқылы бала қоршаған ортамен қарым-қатынас жасайды.

К.Г.Исулов ойынды адам санасының қоршаған ортамен араласуындағы эвристикалық іс-әрекеті деп қарастырады. Психологтар ойынның мынадай тізбесін дәлелдеген:

Қажеттілік – мотив – мақсат – ойын іс-әрекеті – нәтиже.

Демек, психологиялық тұрғыдан ойын:

- а) Әлеуметтік тұрғыдан ойлауды қалыптастырады;
- ә) Танымдық мотивтің дамуына әкеледі;
- б) Іс-әрекеттің бір түрі ретінде оқу және еңбекпен қатар тұрады;
- в) Логикалық ойлаудан эвристикалық ойлауға үйретеді.

Адамның психикалық өмірінің жан-жақты дамуы белгілі бір әрекетпен айналысуына байланысты.

Адам өз психикасын түрлі жолдармен жарыққа шығарады. Ойын арқылы адам психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Ойын іс әрекеті кезінде балалардың ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, мінез-құлқы қалыптасады.

Көптеген жазушылар балаға ойынның психологиялық мәнін және ойынға тән ерекшеліктерді көркем бейнелер арқылы ашып береді.

Ойынның пайда болуы туралы зерттеушілердің көпшілігі өз еңбектерінде ойын-өнер мен көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді.

Ойын іс әрекеті кезінде шындықтың көрінісі, оның образды сәулесі қылаң береді. Өмірдің әр түрлі құбылыстары мен үлкендердің әр түрлі әрекеттеріне еліктеу ойынға тән нәрсе.

Ойын кезінде шартты түрде мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы әрекет бала үшін қызықты.

Ойын әрекеті балаларға ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Балалар ойын іс әрекеті барысында:

- 1) Өзін еркін сезінеді.
- 2) Іздемпаздық тапқырлық әрекет байқатады.
- 3) Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою секілді түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді.

Бала ойын арқылы өзін толқытқан бүгінгі қуанышын, ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Сөйтіп бүгінгі ойын, бейнелі әрекет, ертеңгі шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес.

Былайша айтқанда, болашақ кайраткердің тәрбие жолы тәлімдік тәрбиесінен ойыннан бастап қалыптасады.

Ойын мен еңбектің бір-біріне ұқсас сипаттары көп, сондықтан кейбір педагог ғалымдар «Жақсы ойын — жақсы жұмыс сияқты»—деп қарап, бұлардың арасында айырма шамалы деген түйін жасайды. Демек, ойын мен жұмыстың ұқсастығы — жақсы ойын да, жақсы жұмыс та көңілді қуанышқа толтырып, рақатқа бөлейді.

Баланың ойында да жұмыстағыдай белгілі деңгейде жауапкершілік болуға тиіс. Олардың айырмашылығы— баланың ойыны нақты материалдық рухани байлық жасай алмайды, ал жұмыс ондай игілікті өндірудің негізгі жолы екені белгілі.

Ойын әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыратын психологиялық-педагогикалық анықтамаларды да А.Макаренко өз еңбектерінде қарастыра келіп көптеген сипаттамалар бере келе ойын іс әрекетінің бала өмірінде алтын орны ерекше деген.

Бала кішкентай кезінен-ақ, ойынға құмар болып, соның жетегінде өседі. Ойын баланың ақыл-ойының дамуына жол ашатын алғашқы құрал.

Соған сай ата-ана да баланың қандай жерде кіммен ойнауына басты мән беруі міндеті.

Жалпы білімнің негізі бастауыш сыныпта қалыптасады.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Абай облысы Үржар ауданы Алтыншоқы ауылы
"Алтыншоқы орта мектеп-бақшасы" КММ
бастауыш сынып мұғалімі
ЕРСИМХАНОВА РАЗИЯ ШАРИПОВНА**

Бастауыш сынып оқушыларының жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың адамгершілік қасиеттері тәрбиеленіп, жеке бас тұлғасын ізгілендіруге болады, екіншіден, топ алдында қысылмай сөйлеуге дағдыланған оқушының бойында лидерлік қабілет жетіліп, өзіндік ой-пікір айтуға үйренеді, үшіншіден, айтар сөзін, жазар ойын нақты әрі толық жеткізуге дағдыланған оқушы сабаққа қызығып, білім үлгерімі жоғарылайды, төртіншіден, сөйлер сөзінде әрбір сөзді орнымен, өз мағынасымен қолдануға дағдыланған шәкірт ертеңгі күні қазақ тілінің мәртебесін көтерер ұлттық тәрбие негіздерімен сусындайды.

Оқушылардың жатық сөйлеу дағдыларын максатты түрде әрбір сабақ сайын әдістемелік жүйеде қалыптастырып отырылған жағдайда ғана олардың пәнге деген қызығушылықтары оянып, сабақтағы белсенділіктері артады. Бұл бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне қатысты психологиялық, әлеуметтік жағдайларға байланысты. Бастауыш мектеп оқушылары мақтағанды ұнатады, құрбыларының алдында өзін көрсеткісі келеді. Сондықтан мұғалім оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру барысында неғұрлым кішіпейіл, өзі мен оқушылардың арасындағы қарым-қатынасты гуманистік бағытта ұстаса, соғұрлым алдына қойған мақсатқа тезірек жетеді. Аталған мәселелерге бастауыш мектеп мұғалімдері ерекше мән беруі керек. Себебі, қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін ең алдымен бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру қажет. Бұл тұрғыда Т. Қордабаев төмендегідей тұжырымдаған: «Өмір өріне алғаш қадам басқан жас ұрпақ болашағына қажетті нәрді мектептен алатыны белгілі. Мектеп беретін сондай нәрдің бірі, бірі болғанда да бірегейі — оқушы жастардың сөйлеу, жазу мәдениеттілігі. Жасыратыны жоқ, бұл салада мектептеріміздің өнімді ісі әзірше байқалмайды. Оны біз республикамыздың түкпір-түкпірінен жоғары оқу орындарына түсу үшін жылма-жыл келіп жататын оқушылар білімін тексеруден де байқаймыз. Солардың басым көпшілігінде кездесетін ең негізгі кемшіліктің бірі — шығарма жазуда болсын, ауызша емтиханда болсын өз пікірлерін, тіпті біліп тұрғандарын мәдениетті түрде жеткізе алмайтындыقتарында, тілдік элементтерді өзіне лайықты орында дұрыс қолдана білмейтіндіктерінде».

Оқушылардың жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Сонымен қатар, оқушылардың жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың жалпы біліміне тікелей оң әсер етуге болады.

Оқушылардың қате сөйлегендеріне кешіріммен қарап, оларды қате жіберуге дағдыландырмау керек. Бұл үшін мұғалім әрбір сабақта оқушыларды дұрыс, әрі жатық сөйлеуге, сөйлеген сөздерінде қандай сөз қолданғанын байқауға, синоним сөздерді мағыналық реңктеріне қарай орынды пайдалануға дағдыландыруы қажет. Оқушыларды жатық сөйлеуге үйрету арқылы олардың тілдік материалдарды жеңіл игеруіне ықпал етуге болады. Себебі, жатық сөйлеу дағдысын меңгерген оқушы ауызша болсын, жазбаша болсын тілдің негізгі заңдылықтарын қолданады. Бұл жөнінде Ф.Ш. Оразбаева былайша ой қорытқан: «Сөйлеу ерекшеліктерін меңгерген оқушы өз ойын ауызша және жазбаша түрде іске асырады. Бұл — тілді қолданудың тәжірибелік көрінісі. Сол себепті оқушы тілді адамдармен қарым-қатынас құралы ретінде үйренгені дұрыс».

Бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыру деп оқушылардың ауызша және жазбаша тілдік қатынаста өз ойын анық, тілдік нормаларға сай толық, дәлелді және тіл тазалығын сақтай сөйлеуін айтамыз.

Оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруда олардың эстетикалық талғамдарымен қатар, сөздерді орынды, мағыналық реңктеріне қарай өз орнында қолдана алу талғамдарының болғаны да ерекше маңызға ие. Сонымен қатар, оқушының өз пікірін дәл әрі анық айтуы да оның сөйлеу мәдениетінің қалыптасуында басты рөл атқарады.

Себебі, топ алдында өз ойын әсерлі де түсінікті айтуға дағдыланған оқушы сөздерді орынды қолданып қоймай, сөйлеудің әсерлілігін игереді.

Бастауыш мектепте оқушылардың жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарының көздеген басты мақсаты — шәкірттердің білімдік, тәрбиелік біліктерін жетілдірумен қатар олардың шығармашылық, ойлау қабілеттерін дамытып, тілдік қарым-қатынаста сөйлеген сөздерінде жаргон, варваризмдер мен қыстырма сөздерден арылту. Осы мақсатқа сәйкес оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар оқу жоспарының мазмұнына лайықталып құрылды. Оқушылардың сөйлеу мәдениеттерін қалыптастыру жұмыстары сатыланып, жеңілден қиынға қарай принципін негізге алып жүргізілді.

Бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу дағдысының мынадай негізгі белгілері айқындалды:

Бастауыш сынып оқушыларының тілінде айтылатын ойға қатысты емес сөздер көптеп кездеседі. Кейбір сөйлемдерде бір сөз бірнеше рет қайталанып, оқушының не айтатынын деп жатқанын түсініксіз етеді. Мұндай кемшіліктер баяншының сөйлеу мәдениетінің төмен екендігін көрсетеді. Бұл жөнінде тілші-ғалым Н. Уәлиев былай ой тұжырымдайды: «Тіл мәдениетіне жетік болу — тек көп сөз білу емес, сол сөздерді орынды жұмсай білу. Ол үшін сөз мағыналарын, мәндес сыңарларының бояу-нақыш ерекшеліктерін, әдеби, әдеби емес еркін, тұрақты тіркес құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білу керек».

Демек, бастауыш мектеп оқушыларының жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда олардың айтар ойларын қысқа әрі толық жеткізуі маңызды рөл атқарады. Бұл үшін мынадай мәселелер ескерілуі керек:

- Оқушыдан өз ойын қысқа айтып беруі талап етілуі,
- Оқушылардан сұрақ-жауап әдісі арқылы қысқа диалог немесе монолог құрғызу жолдары;

Бастауыш мектеп оқушыларында кездесетін екінші қателік — сөйлеген сөздерінде басы артық сөздермен қатар, кірме сөздердің молынан кездесуі. Мұғалім оқушылардың жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда осындай паразит сөздерді болдырмау, оқушыларға мұндай сөздерді қолдандырмау жағын ойлау керек. Бастауыш мектеп оқушыларының сөздерінде кездесетін тағы бір кемшілік — оқушылар кітапта не оқулықта қалай жазылса, сол түрінде айнытпай оқиды. Оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруда олардың орфоэпиялық заңдылықтарына сәйкес оқу дағдыларын жетілдіру керек.

Оқушылардың сөйлеген сөздерінде, тілінде кездесетін тағы бір кемшілік — күнделікті сөйлеу тілінде жауыр болған, әбден ести-ести құлаққа түрпідей тиетін дайын формаларды пайдалануы. Сонымен бірге тілдерінде мақал-мәтелдерді аз қолдануы. Негізінен бастауыш мектеп оқушылары мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп тұрса да, оны тілдерінде пайдаланбайды. Мұндай кемшіліктер бала тілінің әсерлілігін бәсеңдетіп, олардың сөйлеу тілінің әдеби тілдің нақыштары мен көркемдегіш құралдарынсыз күнделікті, ауызекі формада ғана дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар оқушылардың жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда олардың сөйлеу әуендеріне де назар аударған жөн. Әрбір ойдың, сөйлеген сөздің өзіне тән әуені болады. Мысалы, сұраулы сөйлем мен лепті, хабарлы сөйлемдердің әуендері бірдей болмайтындай, айтылатын ойға қарай сөйлеу тілінің де өзіндік әуені болады. Экспериментте осы мәселені ескердік.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

**Абай облысы Үржар ауданы Алтыншоқы ауылы
"Алтыншоқы орта мектеп-бақшасы" КММ
ағылшын тілі пәні мұғалімі
САПАРХАНОВА КҰНДЫЗ САПАРХАНОВНА**

Жаңа ақпараттық технологиялармен қатар, өз сабағымда интербелсенді оқытуды пайдалана отырып, ойын әдіс-тәсілін қолданамын. Ойын арқылы ұстаз қойған мақсаттарына жетеді деп ойлаймын. Ойынға қатысушы оқушылар мұғалімдермен өзара қарым-қатынастарын көтереді, әрі өздерінің қабілеттерін тексеруге мүмкіндік тудырады, сонымен қатар ұйымдастыру қабілеттерін арта отырып сабақ кезінде қуаныш сезімін оятады. Оқу үрдісінде тиімді ойындардың бірі төмендегідей:

1. Рөлдік ойындар.

2. Іскерлік ойындар.

А) Іскерлік оқу ойындары: саяхат ойындары; блиц ойындары.

Ә) Өндірістік ойындар.

Рөлдік ойындар - интербелсенді әдістердің тиімді бір түрі. Рөлдік ойындар екіге бөлінеді:

1. Әрбір оқушы рөлде ойнайды.

2. Оқушылардың шағын топтары рөлде ойнайды.

Іскерлік оқу ойындарға келсек, мысалы, сабақ тақырыбы бойынша жазылған сценарийлерге қысқа жағдаяттар ойнау. Ал саяхат ойындарында оқушылар күнделік жүргізеді немесе достары мен туыстарына хат жазады. Блиц оқу ойындары туралы айта кетсек, олар шағын ойындар, оқушылардың нақты біліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталады. Мынадай түрлері болады: фотосуреттерді баяндау (отбасы мүшелерін, достарын, өз үйінді, бөлменді), сұхбат алу (мерекелер тақырыбы бойынша), шындық детекторы (дұрыс, қате), т.б. Өндірістік ойындарда әлеуметтік және экономикалық маңызы бар күрделі мәселелерді шешуге болады. Мысалы, «Қоршаған орта немесе қоқысты қайта жіберуге болады.» деген тақырыптарда.

Шетел тілін оқыту әдістемесі бойынша ойындарды екі түрге бөлуге болады. Олар: дайындық ойындары және шығармашылық ойындары. Дайындық ойындарына грамматикалық, лексикалық, фонетикалық және орфографиялық ойындар жатады. Грамматикалық құрылымдарды есте сақтау қиындау және оқушыны жалықтырып жібереді.

Сол себептен ойын бұл тапсырманы жеңілдетеді. Мысалы, затты тығып қойып, ағылшын тілінде «Менің көзілдірігім қайда?» немесе «Мынау не?» деп сұрақ қою. Сөз орын да есте сақтау оңай емес болғандықтан, ойын ойнатқан жөн деп есептеймін. Мысалы, «Домино», «Бинго» ойындары, қызықты геометриялық фигураларды сызып, оның әр бұрышына сандарды немесе әріптерді эстетикаға сай, ретсіз жазып қойып, атап беру. Фонетикалық ойындар сөзді дұрыс айтуға арналған. Ал орфографиялық ойындардың мақсаты сөзді қатесіз жазу.

Әдеттегідей ойынға оқушылар 2-3 топқа бөлінеді. Бұл ойындарға дайындықтың қажеті жоқ, тек қана оқушыларды ойынның шарттарымен таныстырамын. Бұл ойындарды шығармашылық ойындардың қатарына қосуға болады. Сонымен қатар әртүрі викториналар, жағдаяттар, берейін ринг, рөл ойындарын, мысалы, «Жұлдызды сәт», «Таңғажайып алаңында», «XXI ғасыр көшбасшысы» ойындарын өткіземін. Ойындардың бәрі дамыту ойындарына жатады.

Ең бастысы, белгілі бір нәтижеге жету үшін сабаққа үздіксіз дайындаламын, көп ізденемін, тиімді жолдарын тауып, оқушыларға дәріс беруге ынтыламын.

Ағылшын тілін оқытудың негізгі элементтерінің бірі - сөздік жұмысын жүргізу. Ол оқушылардың сөздік қорын байытуда ерекше орын алады. Оқушының сөздік қорын тексеру әдістері бар. Олар мыналар.

1. Әңгімелесу, әңгіме құрату - өзін қоршаған орта туралы: үй іші, мектебі, сыныбы, ата-анасы, оқу-құралдары, т.б.

2. Оқушының күнделікті жиі пайдаланатын заттарын көрсету арқылы оны атату (киім-кешек, ыдыс-аяқ, үй жиһаздары т.б.).

3. Сөзді түсініп айту дәрежесін тексеру (таныс емес заттарды көрсету, т.б.).

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы - оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптастыруды жүзеге асырамын.

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың қағидаларын біліп алу қажет. Олар игерілуге, білуге қажетті сөздер, жиілік, ахуалдың - тақырыптық негізінде сөз ірітіледі. Ағылшын тіліндегі сөздер тек лексикалық түрінде ғана оқушыға меңгеріп қоймай, ол лексика-грамматикалық бірлікте іске асырылу қажет. Мысалы, «оқушы, оқы, кітап» деген сөздерді жеке бермей, оны сөз тіркесімен берген жөн. Бұл сөздік жүргізудің бір қағидасы болып саналады.

Сабақтағы ойынның орны, оған бөлінетін уақыт мөлшері оқушылардың білімінің деңгейімен, оқу материалының жеңіл не қиындығымен, сабақтың мақсаты мен мүмкіндігімен т.т. байланысты. Мысалы, егер ойын жаңа материалды алғашқы бекіту кезінде жүргізілсе, онда ойынға уақыт көбірек бөлінеді, ал кейінірек сол ойын өткен материалды қайталау ретінде ұйымдастырылса 3-5 минут жеткілікті.

Ойын-оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады, ағылшын тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті-ойын болса, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланылтын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асады.

Ойынның мақсаты-бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, таянақтау, пысықтау.

Міндеті-баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Дидактикалық ойындар-балалардың білімдерін арттырудың құралы. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді. Ойын сабақтың басында-өткен сабақты еске түсіреду. Сабақтың ортасында-көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады. Сабақтың соңында-тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді. Ойын-оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал.

Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушылардың ойлау белсенділігін керек етеді. Сондықтан мұғалім әр сабағында ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімне ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды мақсат етеді. Мұғалім сабағын баланың қабілет-қарымына, психологиялық ерекшелігіне сай байланыста жоспарлау керек. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады, оқушыларды жалықтырмайды.

Оқушылардың ойын кезіндегі белсенділігі көбінесе жарыс нәтижесін дұрыс есепке алуға байланысты. Оқушылар ойындағы өз жетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруы тиіс. Ойын нәтижелері есепке алу түрліше: әрбір дұрыс орындалған грамматикалық ойын үшін ұпай есептеу, әрбір ұтылыс үшін кем ұпай беріледі, оқушылар тақтаға жазылған тиісті команда бағанындағы сөз немесе сөз тіркестерін жазып отыру; ол сөздерді есепке ала отыру; қол көтеріп немесе тиісті орфограммалар жазылған карточкаларды

Қазіргі Қазақстан оқу білім орындарында жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке-дара күшінің дамуы қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру және оларды қолдануға бағытталған.

Инновациялық оқу оқудың түсіндірілмелі-түрінен әрекетшілдікке ауысу арқылы жүзеге аса отырып, оқушының оқу әрекеттерінің белсенді субъектісі болуына мүмкіндік береді. Оның өзі сабақты әртүрлі технологиялар бойына жобалауды қажет етеді.

Ойындық технология мәнді өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешуін іздестіруге құрылады. Ойынның ұйымдастырылу түрлері: іскерлік ойындар, рөлдік және оқиғалық ойындар, саяхаттық және білімдік ойындар.

Ағылшын тілі сабағында әр түрлі ойын элементтерін қолдану жақсы нәтижелер береді.

Мысалы: Саусақ ойыны. Сабақтың басында ойналады.

Ойынның мақсаты; «Жанұя тақырыбына байланысты лексиканың айтылу дағдысын жетілдіру.

Балалар өлеңді жатқа айтып тұрып саусақтарымен көрсетеді. Көрсетілген саусағын жұмып қояды.

This is our father,
This is our mother,
This is our brother,
This is our sister,
This is our baby,

Oh, how we love them all!

«Please» деген сөзді естіген соң бұйрықты орында ойыны:

Stand up, please,

Put down your books, please.

Take your books, please.

Sit down, please.

Look at the window.

Look at me, please.

Бұйрықты дұрыс орындамаған оқушы «жазаланатын» -өлең айтады иә мәнерлеп жатқа өлең оқиды.

Prepositions/Предлогтар/

Ойынның мақсаты: Предлогтарды ажырата білу, тақырыпқа байланыста лексиканы пысықтау және диалогқа үйрену.

Hide-and Seek in a picture

Бір оқушы тақта алдына шығады. Ол, ойша сыныптағы заттардың бірінің артына тығылады. Ойынды жүргізуші қайда жасырынғанын қағазға жазып мұғалімге береді. Сынып оны іздейді.

P1: Are you under the table?

L.: No, I am not.

P2: Are you behind the blackboard ?

L.: No, I am not.

P3: Are you in the bookcase?

L.: No, I am not.

P4: Are you under the desk?

L: Yes, I am.

Жүргізушінің қайда тығылғанын тапқан оқушы ұпай алады да, ойынды әрі қарай жалғастырады.

«Синонимін табық» ойыны.

Ойынды «Синоним» тақырыбын бекіту сабағында немесе сабақтың мақсатына қарай өткенді еске түсіре отырып өткізуге болады.

Ойынның мақсаты: Оқушылардың «Синоним» тақырыбынан меңгерген білімдерін тексеру, жылдам ой қорытуға баулу, сөздік қорын байыту .

Ойынға синонимдік қатар түзуге болатын мақсаттағы сөздерді интерактивті тақтаға енгізіледі. Ойынның шарты . Оқушыларға бір уақыт аралығында синонимдік қатар жазу тапсырылады. Ойын соңында синонимдік қатардан сөйлемдер құралады.

Ойын-оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дидактикалық категория.

Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, ағылшын тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны қолданудың маңызы өте зор.

Оқушылардың білім, білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меігеруіне ойындар көп көмек береді. Олар арқылы түрлі дағдыларды меңгеру барысында оқушылар белсенділікке, өз бетінше жұмыс істеуге, өорытынды жасауға дағдылананды. Шетел тілі сабақтарында дұрыс ұйымдастырылып, пайдаланылған ойындар оқушының таным түйсігіне жағымды әсер етіп, алған білімдерін жаңа жағдайларда шығармашылықпен қолдана алуына ықпал етеді.

Ұстаз жан-жақты ізденісті қажет етеді». Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп табуға үйретеді» деп ұлы ойшыл А. Дистерверг айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты.Өз білімімді үздіксіз көтеріп, үнемі ізденіс үстінде боламын деген үміттемін.

Шет тілі сабағында оқушылардың жас ерекшелік психологиясын, ойынның дидактикалық ерекшеліктерін ескере отырып тіл дамыту, жаттықтыру ойындарын немесе ойын элементтерін жиі жүргізген жөн.

БИЗНЕС-МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ. КӘСІПкерлік ойлау

ДӘУЛЕТиярова ГҮЛШАТ ҚҰАТБЕКқызы

Арнайы пән оқытушысы

Түркістан облысы, Шардара қаласы

«№ 16 Колледж» МКҚК

Кәсіпкерлер экономикалық қатынастардың қатысушылары ретінде осы үдерісте жетекші рөл атқарады. Қазақстанды және қазақстандық тауарларды халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті ету; әділдік пен прагматизм негізінде серіктестермен және тұтынушылармен қарымқатынас жасау; ұлттық бірегейлікті жоғалтпай, бизнесті жүргізудің үздік инновациялық тәсілдері мен тетіктерін таңдау; бизнес-процестерге жаңа білім мен технологияларды әкелу кәсіпкерлердің қолынан келетін іс; олар елдің эволюциялық және ашық дамуына көмектеседі

Кәсіпкерлердің басқа адамдардан басты айырмашылығы – олар ойлаудың ерекше үш қасиетіне ие: олар белсенді, жауапты және нәтижені мақсат тұтады. XX ғасырдағы менеджменттің ең ықпалды теоретиктерінің бірі Питер Друкер айтқандай, ойлау типі осындай адамдар әрқашан өзгерістер іздейді, оларға жауап береді және оларды мүмкіндік ретінде пайдаланады.

Олар әлемді өзгертуге ұмтылады және осы себеппен, Evernote бас директоры Фил Либин пайымдауынша, компанияларды ашады. Американдық инвестор Джеймс Алтачердің пікірінше, олар сәтсіздікке төзе алады, идеяларды генерациялай алады, осы идеяларды сата алады, осы идеяларды жүзеге асыра алады және өз қателіктеріне қарамастан, алға қарай келесі әрекеттерге ұмтылады.

«Ашока: қоғам үшін инновациялар» коммерциялық емес қорының негізін қалаушы және төрағасы, әлеуметтік кәсіпкер Билл Дрейтон олардың қиындықты көре білетінін және оған жауап іздейтінін растайды. Garage Technology Ventures компаниясының басқарушы директоры, Apple Computer компаниясының алғашқы қызметкерлерінің бірі Гай Кавасаки олар үшін бизнес – жұмыс емес, болашақты өзгертетін ақыл-ойдың күйі екеніне сенеді.

Қарапайым адам пассионарлық тәсіл принциптерін ұстамайды (мақсатқа ұмтылу және көптеген адам үшін құрбандыққа шалуға дайындықты білдіреді), ол өте сақ болады, тәуекелге ұшыраудан қорқады және ешқашан өз еркімен ешқандай жұмысты мойнына алмайды, қиындықтардың алдында ол басын ала қашады және кім келіп, оған не істеу керек екенін айтар екен деп күтеді.

Тығырықтан шығудың амалы ретінде ол кәсіпкерлік ойлау қабілеті бар адамдарға үміт артады.

Кәсіпкерлік ойлау – XXI ғасырдың қажетті дағдысы, бұл – жаңа заттарды ойлап табушылық, армандарды құру және әлі жоқ нәрсені – армандарды іске асыру қабілеті. Сонымен қатар бұл - өте жоғары бейімделушілік (жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті) және ұтқырлық (болған іске жылдам әрекет ете білу) – адамның өзгермелі жағдайларға икемделе алу қабілеті, икемді болу, қалыптасқан жағдайларда эволюциялану (даму білу), қалыпты сценарийлермен әрекет ету мүмкін емес кез келген жағдайдан пайда таба білу, өмірге мүмкіндіктер әлемі деп қарау.

«Шын мәнінде, мен ақша таба аламын деп күткен жоқпын. Тапқан табысым жалдау ақысы мен азын-аулақ азық-түлік сатып алуға жетсе, маған сол жеткілікті болатын. Бірақ ақыр соңында, мұның бәрінің құнды екеніне көзім жетті. Қателесуден қорықпау керек. Ең бастысы - әр жолы жаңа қателіктер жіберу», – деп есептейді кәсіпкерлік ойлаудың символы болған Илон Маск.

Дәл осы ойлау қабілеті Маскқа төлемдердің электрондық жүйесін жасап, қаржы әлемін өзгерткен PayPal стартапын құруға, ғарыштық зымырандарды құрастыратын әлемдегі алғашқы жеке компания – SpaceX негізін қалауға, Tesla электромобилін жасауға, бүкіл қалаларды және т.б. жабдықтау үшін күн энергиясын пайдалануды үйренуге мүмкіндік берді.

Студенттерден сұраңыз, кәсіпкерлік қабілеттер - бұл туа біткен қасиет пе немесе уақыт өте келе дамытуға болатын қасиет пе?

Жуырда ғалымдар адамның бизнестегі табысы үшін жауап беретін арнайы «кәсіпкерлік гені» жоқ па деген сауал қойды. Көптеген табысты кәсіпкерлерді талдай отырып, зерттеушілер адамның бизнестегі табысқа жетуіне әкелетін қасиеттердің жиынтығын анықтауға тырысады.

Мысалы, Тулса университеті кәсіпкерлік кафедрасының профессоры Роберт Хисрич кәсіпкердің келесі басым мотивтерін атап көрсетеді: тәуелсіздікке, іс-әрекет бостандығына, шығармашылық жұмысқа және капитал құруға ұмтылу.

Австриялық экономист Йозеф Шумпетер үстемдікке, билікке, ықпалға, жеңіске деген жігерге, қарсыластармен және өзөзімен күресуде табысқа, шығармашылық қуанышқа ұмтылысты атап көрсетеді. Колорад университетінің кәсіпкерлік орталығының директоры Томас Дуэнинг кәсіпкерге қажетті бес негізгі дағдыны атап өтті: мүмкіндіктерді тану, жобалау, тәуекелдерді басқару, сәтсіздікті бастан кешіре білу, жоспарлауға емес, әрекеттерге бейімділік.

Массачусетс қаласындағы Бабсон колледжінің зерттеушілері 1985 жылдан 2009 жылға дейін 4000 студентті зерттеді және кәсіпкерлік бойынша бірнеше курсты таңдаған адамдар бір ғана курсты алған адамдарға қарағанда өз бизнесін жиі ашқанын анықтады.

Цюрих университетінен Уши Бакес-Гельнер және Зигендік Петр Моог кәсіпкерлердің және жалданып жұмыс істейтіндердің арасындағы айырмашылықты анықтау үшін 2000 неміс студентін зерттеді. Олардың пікірінше, білімнің бір ғана нақты саласын игерудің орнына, жаппай бар нәрседен үстіртін хабары бар адам бизнес жүргізуге бейім болады.

Тар шеңберлі мамандар оларға бағынышты болады. Олар стэнфордтық экономист Эдвард Лейзирдің кәсіпкер туралы теориясын «барлық іске шебер» деп растады. Ол көптеген пәндерді оқитын және түрлі салаларда жұмыс істейтін студенттер қалғандарына қарағанда кәсіпкер болады деп санайды.

Көптеген кәсіпкерлердің тәжірибесін жинақтап, мынадай қорытынды жасауға болады:

Кез келген адам кәсіпкер бола алады. Өз ісін өмір тарихы, мінез-құлқы мен мақсаттары мүлдем әр түрлі адамдар ашады.

Тек бизнесте іс жүзінде табысқа жетуді қалайтындар төрт сатылы алгоритмді ұстануға тиіс.

- Біріншіден, олар шын мәнінде ойына алған істі істегісі келеді.
- Екіншіден, жетістіктерді үлкен емес, кішкентай қадамдардан бастау.
- Үшіншіден, әрбір кішкентай қадамнан кейін өз идеясын зерделеу және қайта бағалау қажет.
- Төртіншіден, келесі қадамды жасау.

МАЗМҰНЫ

- БАШИМОВА ГҮЛШАТ МҰХТАРҚЫЗЫ
- КАЛИЕВА БОТА АБДЫКАРИМОВНА
- СМАГУЛОВА ГУЛНАР КАБДЕШОВНА
- АРШАБЕКОВА ГАЗИЗА КҮМИСБЕКОВНА
- ЕРТАЕВА РАУШАН АЛИМБЕКОВНА
- АЛИМБЕКОВА ГҮЛЬМИРА ЖЕКЕБАЕВНА
- ЕРСИМХАНОВА РАЗИЯ ШАРИПОВНА
- САПАРХАНОВА ҚҰНДЫЗ САПАРХАНОВНА
- ДӘУЛЕТИЯРОВА ГҮЛШАТ ҚҰАТБЕКҚЫЗЫ